

Талдамалық анықтама

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының
«Қызылорда облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» ШЖҚ КМК
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша

Қызылорда қаласы

29.05.2026 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1. «Қызылорда облыстық медициналық жедел жәрдем стансасы» ШЖҚ КМК -ны (бұдан әрі – *Кәсіпорын*) құрлымдық бөлімдердің қызметіне Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген (өзгерістер енгізу туралы) Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Кәсіпорынның 2026 жылғы 00 сәуірдегі №00 бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Комиссия төрағасы:

Б.Т. Төлеген – Бас дәрігер;

Комиссия мүшелері:

М.А. Оспанова – Бас дәрігердің ішкі аудит жөніндегі орынбасары;

Ж.А. Досжанов – Бас дәрігердің ұйымдастыру-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары;

А.А. Жусупова – Бас дәрігердің экономикалық жұмыс және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары.

Комиссия хатшысы:

Д.С. Рысбаев – заңгер.

4.Ішкі талдау жүргізу мерзімі: 2026 жылдың 24.04.2026 - 29.05.2026 жыл аралығы.

5.Ішкі талдау жүргізу кезеңі: 2025 жылдық кезеңі және 2026 жылдың 3 айы қамтылды.

6. Кәсіпорын бас дәрігері Б.Т.Төлеген комиссия төрағасы ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық жасау, үйлестіру және жауапкершілік жүктеледі.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I. Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- Кәсіпорынның құрылымдық бөлімдерінің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- Персоналды басқару, мүдделер қақтығысын реттеу, мемлекеттік қызмет көрсету, бақылау – қадағалау қызметтерін іске асыру және ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

II. Талданатын объект туралы мәліметтер:

- Кәсіпорын қызметінің мәні Қызылорда қаласы мен аудан халқы мен қонақтарына жедел медициналық қызмет көрсету болып табылады.

- Кәсіпорын қызметінің мақсаты денсаулық сақтау саласында халыққа медициналық көмек көрсету және ұйымдастыру қызметін жүзеге асыру болып табылады.

- Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету: көлікпен тасымалдау кезінде медицина қызметкерінің ертіп жүруі, кезек күттірмейтін медициналық көмек, жедел медициналық көмек.

2) облыс халқының денсаулығын жақсартуға бағытталған республикалық, өңірлік медициналық-әлеуметтік мақсатты бағдарламаларды орындауға қатысу;

3) Қазақстан Республикасының тұрғындарына медициналық көмекті кеңес беру түрінде ұйымдастыру және жүргізу, науқастарға арналған алдын-алу немесе кеңес беру шараларын жүргізу;

4) салауатты өмір салтын насихаттау, адамның денсаулығын нығайту мен аурудың алдын-алу шараларын ұйымдастыру және атқару;

5) дәріханада дәрі-дәрмектерді тарату оның ішінде есірткілік және психотроптық заттарды Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелеріне тарату, жұмылдыру резервіндегі дәрілік заттарды сақтау және жаңалап отыру;

6) емдеу-сауықтыру шараларын ұйымдастыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының алыс және жақын шет елдердің клиникалық және ғылыми орталықтарымен қарым-қатынас жасау, ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми орталықтармен бірлесіп ғылыми жұмыстар жүргізу, жағдайы ауыр және түсініксіз науқастарға кеңес алу үшін Қазақстан Республикасының ғылыми әлеуетін тарту, Кәсіпорын тәжірибесіне медицина ғылымының жетістіктерін,

диагностикалау мен емдеудің озық әдістерін енгізу, жаңа дәрілік заттарды сынақтан өткізу, еңбекті ғылыми ұйымдастырудың жаңа нысандарын енгізу;

7) халыққа спорттық және мерекелік шараларды ұйымдастыруда жедел медициналық көмекті ұйымдастыру;

8) халық денсаулығының жағдайын және Кәсіпорын жұмысын айқындайтын медициналық-статистикалық ақпараттарды өңдеу және талдау;

9) Кәсіпорында төтенше жағдайлар медицинасының жұмысын ұйымдастыру және жүргізу;

10) халыққа мамандандырылған медициналық көмектің көлемі мен түрін анықтауда уәкілетті орган бекітетін диагностика мен емдеудің стандарттарына (кезеңдік хаттамаларға) сәйкес алдын алу, диагностикалық және емдеу қызметтерін атқару;

11) медициналық авиация тартылатын жедел медициналық көмек: санитариялық авиация.

Кәсіпорында 16 құрылымдық бөлімше жұмыс жасайды:

1. Ақпараттық-оперативтік диспетчерлік бөлім;
2. Санитариялық авиация бөлімі;
3. «№1 қалалық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы» (Баласағұн);
4. «№2 қалалық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы» (Тасбөгет);
5. «№3 қалалық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы» (Астана);
6. «№4 қалалық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы» (Абуов);
7. Сырдария аудандық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
8. Жалағаш аудандық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
9. Қармақшы аудандық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
10. Төретап кентінің жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
11. Қазалы аудандық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
12. Арал қалалық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
13. Сексеуіл кентінің жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
14. Шиелі аудандық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
15. Жаңақорған аудандық жедел медициналық көмектің қосалқы станциясы;
16. Қызылорда облысы бойынша бірыңғай медициналық Call-орталығы.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Астана даңғылы, құрылысы №1 «Б»
 БИН 000240002131. Тел: 8 7242 23-77-32. e-mail: KZO103@KZO103.KZ

III. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы Қазақстан Республикасының Кодекстерін, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерін, Кәсіпорын өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

Кәсіпорын өз қызметінде келесідей нормативтік құқықтық актілерін пайдаланылады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексі;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізудің кейбір мәселелері туралы» 16.07.2020 жылғы №451 қаулысы;
- Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы.

Кәсіпорын құрылымында штат саны бойынша жалпы – 1126 жұмыскер. 58 – дәрігер, 675 – орта буын мамандар, 393 – басқа лауазымдар жұмыс атқарады.

2025 жылдың тәртіптік жаза қолдау бойынша мәлімет: 9-ескерту, 20-сөгіс, 26-қатан сөгіс және 1-еңбек шартын тоқтату түріндегі тәртіптік жазалар қолданылған.

2026 жылдың бірінші тоқсанында тәртіптік жаза қолдау бойынша мәлімет: 4-ескерту, 6-сөгіс, 9-қатан сөгіс түріндегі тәртіптік жазалар қолданылған. Барлық жазалар жұмыс барысында медицина саласында тиісті емшара қолданбау негізінде қолданылды.

Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселерінің реттелмеуі.

Кәсіпорында қызметкерлерді іріктеу мен тағайындау барасында Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № КР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.

Кәсіпорындағы бос жұмыс орынға қызметкерді жұмысқа алу кезінде конкурс өткізілмейді.

Іріктеу кезендерін өткізу мерзімдерінің болмауы (*бос орын туралы хабарландыруды орналастыру, құжаттарды қабылдау, әңгімелесу, тестілеу және т.б.*).

Кәсіпорынның кадр жөніндегі маман бос жұмыс орындару туралы ақпаратты «Еңбек кз» сайтына орналастырады.

Әңгімелесу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау тетігінің болмауы.

Кәсіпорындағы бос жұмыс орнына кандидатпен тек әңгімелесу жүргізіледі. Тесттен өткізужүргізілмейді.

Кандиттар үшін әркелкі жағдайлар жасау.

Кандидаттарды жұмысқа қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін» және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ- 305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығының талаптары қатаң сақталады.

Талдау объектісі қызметкерлерінің жалақысы туралы ақпарат.

Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындысы бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесі

Анықталмаған.

IV. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Кәсіпорында мүдделер қатығысы орын алған жоқ.

V. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Кәсіпорын тарапынан мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

VI. Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Кәсіпорын тарапынан рұқсат беру функцияларын іске асыру қарастырылмаған.

VII. Бақылау функцияларын іске асыру.

Кәсіпорын бақылау функциялары жүзеге асырылмайды.

IX. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасау.

2026 жылдың 1-ші тоқсанында эл.магазин арқылы жалпы 11 шарт 91 382 801.8 тг жасалды.

Мемлекеттік сатып алудың Бір көзден тәсілімен 18 шарт 62 134 328.69 тг.

Баға ұсыныстарын сұрату бойынша 8 – шарт 20702514.52 тг.

Өткізілмеген (несос.) сатып алулар бойынша бір көзден тәсілімен 17 – шарт 44460014.01 тг. Ашық конкурс тәсілімен - 10 шарт 148 891 184.06тг.

X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Кәсіпорынмен ақпараттық жүйелерді әзірлеу қарастырылмаған.

XI. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.


2026 жылдың 1-ші тоқсанында «Е-өтініш» ақпараттық жүйе арқылы кәсіпорынның қызметіне қатысты арыз-шағым тіркелмеген.

«Е-Лицензия» «Enbek.kz» автоматтандырылған ақпараттық жүйелері пайдаланылады.

Сонымен бірге, кәсіпорынның әлеуметтік желілерде парақшасы және ғимаратта арыз-шағымдар мен ұсыныстарды қабылдау жәшігі орналасқан.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңінде азаматтар мен заңды тұлғалардан кәсіпорынның қызметіне арыз-шағымдар мен ұсыныстар тіркелмеген.

Комиссия төрағасы:



Б.Т. Төлеген – Бас дәрігер;


Комиссия мүшелері:



М.А. Оспанова – Бас дәрігердің ішкі аудит жөніндегі орынбасары;



Ж.А. Досжанов – Бас дәрігердің ұйымдастыру-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары;



А.А. Жусупова – Бас дәрігердің экономикалық жұмыс және әкімшілік-шаруашылық қамтамасыз ету жөніндегі орынбасары.

Комиссия хатшысы:



Д.С. Рысбаев – заңгер.